



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

УДК: 364(574.1)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Р. С. Габдуалиева, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Р. Г. Муханова, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Әлеуметтік қорғау әлеуметтік саясаттың негізгі бөлігі және адамдардың әлеуметтік құқықтарын іске асыруда, оның әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған шаралар жүйесі болып табылады. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметтері негізінде әлеуметтік қорғау түрлері мен атаулы әлеуметтік көмекке талдау жасалған.

Социальная защита является основной частью социальной политики государства и система мер по обеспечению социальных прав и социальных потребности людей. В данной статье рассмотрен классификация социальной защиты и дан анализ адресной социальной помощи по ЗКО на основе материалов областного управления социальной занятости и социальных программ.

Social protection – is the main part of the social politics and system of measures on providing social rights and social requirements of people. Classification of social protection and analyses of address social aid of West Kazakhstan region on the basic materials of regional management of social employment and social programmes is considered in this article.

Әлеуметтік қорғау – қолайсыз жағдайларға байланысты (кәрілік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылу) экономикалық белсенді бола алмайтын және төленетін еңбекке қатысу арқылы өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтардың нақты жағдайын және өмірге қажетті игіліктерге жетудің нақты деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған жүйе.

Халықаралық тәжірибеге талдау жасауда дүниежүзінде әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастырудың негізгі үш типін көрсетті:

- Әлеуметтік қорғау жүйесін ең жоғары мемлекеттік реттеу.
- Мемлекеттің ең төменгі қатысуымен.
- Аралас модель.

Халықаралық тәжірибе әлеуметтік қорғау жүйесін ұйымдастыруда аралас модельдің қажеттілігін көрсетеді. Мұнда мемлекет есебінен әлеуметтік қамсыздандырумен және әлеуметтік көмекпен қатар ұлттық байлықты қалыптастыруға қатынасушы азаматтарға әр түрлі әлеуметтік тәуекелдіктердің туындауы кезінде жұмыс беруші мен жұмысшылардың жеке жауапкершілігін әлеуметтік сақтандыру жүйесі де бар.

Халықаралық тәжірибені талдау негізінде әлеуметтік қорғаудың тиімді және кешенді жүйесі келесідей негізгі элементтерден тұратындығын қорытындылауға болады:

- Мемлекеттік жәрдемақылар
- Міндетті әлеуметтік сақтандыру
- Жинақтаушы зейнетақы қамтамасыздығы
- Әлеуметтік көмек

✓ Мемлекеттік жәрдемақылар әлеуметтік қорғау қажет болатын жағдайлар туындаған кезде барлық азаматтарды белгілі-бір деңгейде кепілденген төлемдермен қамтамасыз етуге бағытталған.

✓ Жұмыс берушілер мен жұмысшыларды шығару есебінен қаржыландырылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру азаматтардың салым деңгейіне байланысты нақты сектордың жұмысшыларын қосымша қорғауға арналған.

✓ Жинақтаушы зейнетақы қамтамасыздығы әр азаматтың жеке зейнетақы қамтамасыздығына арналған.

✓ Әлеуметтік көмек бюджет құралдары есебінен азаматтардың бөлек категорияларына қосымша көмек беруге арналған.

✓ Жинақтаушы зейнетақы жүйесі – жүйеге қатысуда стимулы бар қатысушылардың арасында жинақтауға негізделген, кәрілік туған кездегі қамтамасыздықтың жалғыз бір түрі.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі қаржыландыру көзі мен жалпы реттеушісі – мемлекет. Іс жүзіндегі жүйеде негізгі сипаттамаларға қатысты халықаралық тәжірибе – мемлекеттік басқару арқылы жүйеде халықты тоық қамту және төменгі әкімшілік шығындар, жеке институттардың қатысуымен төменгі қамту және жоғарғы әкімшілік шығындар болатындығы расталады. Жинақтаушы жүйеден басқа жүйеге қатысу стимулы минималды [1].

Қазіргі таңда Қазақстанда елдегі әлеуметтік жағдайы жақсартуға бағытталған бірнеше заңдар бар. Бұлар «Білім туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Тұрғындардың жұмысбастылығы туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және коррекциондық дәрігерлік – педагогикалық қолдау туралы», «Тұрғындар көші – қоны туралы» Заңдар.

Қазақстанда қазіргі кезде келесідей әлеуметтік төлемдер бар:

1. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар
 - ✓ Мүгедектер бойынша
 - ✓ Асыраушысынан айрылуына байланысты
 - ✓ Жасына байланысты
2. Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар
3. Бір реттік жәрдемақылар:
 - ✓ Баланың туылуына байланысты мемлекеттік жәрдемақы
 - ✓ Саяси репрессия құрбандарына бір реттік ақшалай өтемақы
4. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
5. Тұрғын үй бойынша көмек
6. Үйде тәрбиеленіп, оқытылатын мүгедек-балалардың ата-анасының біреуіне материалдық көмек
7. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың шешімі бойынша азаматтардың жеке категорияларына материалдық көмек

Егер адамның тұтынуы мен табысы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажет нақты минималдық деңгейден төмен болса кедей деп есептеледі. Бұл

минималдық деңгей кедейлік шегі деп аталады. Адам өмір сүріп отырған уақыт және қоғамға байланысты негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға қажет материалдық деңгей де өзгереді. Көптеген елдер өзіндік кедейлік шегін өздері анықтайды. Қазақстанда табыс бойынша кедейліктің негізгі индикаторы болып өмір сүру минимумы мен кедейлік шегі табылады.

Кедейлік шегі – мемлекеттік әлеуметтік көмекті қажет ететін тұрғындардың деңгейін анықтауға қолданылатын түсінік. Үкімет кедейлік шегін жалпы республика және бөлек әрбір облыс бойынша анықтайды.

Атаулы әлеуметтік көмек жүйесі 2002 жылдың қаңтар айында аз қамтылған отбасыларға арналған әлеуметтік көмек жүйесін жақсартуға арналған сапалы іс – шара ретінде енгізіледі [2].

Кедейлік шегінен төмен тұратын азаматтарға Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246-ІІ қабылданған «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсанындағы №1685 қаулысымен бекітілген «атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу туралы» Ережесі бойынша жүзеге асырылады. Атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер адамның жиынтық табысы Қазақстан республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жарлығы бойынша анықталады.

Атаулы әлеуметтік көмекті ұйымдастыру және ұсынумен толықтай жергілікті билік органдары айналысады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарында атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер адамның табыс көзін анықтап тексеретін жергілікті учаскелік комиссиясы құрылады. Учаскелік комиссияның жұмысына тиісінше әкімшілік – аумақтық бірліктердегі әкімдер жетекшілік етеді, яғни олардың қызмет істеуіне қажетті жағдай туғызып, техникалық, транспорттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Учаскелік комиссия өз қызметін учаскелік комиссия жөніндегі ережесі бойынша жүргізеді.

Батыс Қазақстан облыс әкімінің 2002 жылдың 16 қаңтардағы №4 қаулысымен учаскелік комиссия туралы ережесі бекітілді, яғни олардың зерттеу тәртібі атаулы әлеуметтік көрсету қажеттілігі жөнінде қорытындыны әзірлеуде анықталған.

Атаулы әлеуметтік көмек отбасыға беріледі. Атаулы әлеуметтік көмекті алу құқығы жан басына шаққандағы айлық жиынтық табысы кедейлік шегінен аспайтын отбасыларда бар. Кедейлік шегі тоқсан сайын күнкөріс деңгейінің фиксирлі пайызы бойынша белгіленеді. Күнкөріс деңгейі деңгейі әрбір аймаққа бөлек саналып, еліміз бойынша жалпы есептеледі. Кедейлік шегі күнкөріс деңгейінің 40% мөлшерінде анықталады. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері, сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген қаржы құралдары әр тоқсан сайын анықталады. Нақты төлемдер әр сайын жүзеге асырылады [3].

1- кесте Батыс Қазақстан облысы бойынша индикаторлардың және әлеуметтік төлемдердің динамикасы, мың.тг

№	Көрсеткіштер	2008 жылдың 1 мамырына	2009 жылдың 1 мамырына	2009 жыл 2008 жылға %
<i>Әлеуметтік негізгі индикаторлар</i>				
1	Ең төменгі күнкөріс деңгейі (орташа жылдық), теңге	10515	11180	106,3
2	Азық-түлік себегінің құны	6309	6708	106,3
3	Кедейшілік шегі	4206	4472	106,3
4	Айлық есептік көрсеткіш, теңге	1168	1273	109,0
<i>Кедейлік шегінен төмен тұратын халық</i>				
5	Аз қамтылғандар, адам	14572	13811	94,8
6	Кедейлік деңгейі, %	2,4	2,3	0,1

Ғылым және білім №2 (15), 2009

Атаулы әлеуметтік көмек				
7	АӘК алушылардың саны, адам	12754	12017	94,2
9	Төленген сома, млн. теңге	80,5	80,8	100,4
10	оның ішінде республикалық трансферт млн.теңге	6,8	9,5	139,7
11	орындалуы (%)	100	100	

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2009 жылдың 2 тоқсанына ең төменгі көпкөріс деңгейінің 40%-ы кедейлік шегі – 4472 теңге. 2009 жылдың 4 айында атаулы әлеуметтік көмек 3077 отбасына, ондағы 12017 адамға 80,8 млн. теңге көлемінде төленді (Кесте 1) [4].

Ауылдық елді мекендерде көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек 2009 жылдың 1 мамырына 2008 жылдың 1 мамырымен салыстырғанда адам санының азайғандығын және ал төленген қаражаттың яғни, атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің өскендігін көрсетеді (Кесте 2) [4].

2 – кесте Батыс Қазақстан облысы бойынша атаулы әлеуметтік көмек жөнінде мәлімет

Аудандар атауы	Атаулы әлеуметтік көмек							(+, -)	
	2009 жылға анықталған қаражат (мың теңге)	01.05.08 ж.			01.05.09 ж.				
		отбасы	адам	сомасы	отбасы	адам	сомасы	адам	сомасы
Ақжайық	433,7	523	2080	12386,0	501	1930	11461,4	-150	-924,6
Бөкейорда	181,4	204	870	5930,0	132	564	4387,9	-306	-1542,1
Бөрлі	268,1	69	225	1665,5	44	155	1210,7	-70	-454,8
Жаңақала	229,4	177	769	5975,0	173	752	7306,0	-17	1331,0
Жәнібек	207,5	199	914	6087,1	192	845	6170,1	-69	83,0
Зеленов	180,9	214	933	4244,4	193	828	4287,9	-105	43,5
Казталов	490,6	587	2215	12598,8	589	2201	12003,2	-14	-595,6
Қаратөбе	217,2	167	796	4838,3	164	812	6918,2	16	2079,9
Сырым	231,1	298	1095	8252,9	306	1169	8463,8	74	210,9
Тасқала	208,6	203	784	5399,0	198	762	5586,0	-22	187,0
Теректі	203,4	261	942	5500,0	248	938	5650,0	-4	150,0
Шыңғырлау	140,1	172	612	4100,0	185	678	4682,0	66	582,0
Орал қ.	133,5	198	519	3500,0	152	383	2700,6	-136	-799,4
Облыс б/ша	288,4,	3272	12754	80477,0	3077	12017	80827,8	-737	350,8

МАӘК алушылар санының азаю себебі: тұрақты, қоғамдық жұмысқа орналасып, табыстарының көбеюі, жеке қосалқы шаруашылығындағы мал басы санының өсуіне байланысты АӘК алушылар қатарынан шығып отыр. Ал төленген қаржы мөлшерінің өсуі кедейлік шегі мөлшерінің өсуіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау – Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246-ІІ қабылданған «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңы

3. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. – 2001 жылғы 24 желтоқсан – № 1685.

4. Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар мәліметтері

УДК: 338.486.3 (5741)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

А. А. Есенова, магистрант

Ғылыми жетекші: **К. Г. Ахметов**, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада автор Батыс Қазақстан аймағындағы туристік қызметтің даму жағдайын, туризм түрлері бойынша туристік ағын көлемінің өсімін, іске асырылып жатырған шараларды және осы саланы дамытудың жай-күйін талдау барысындағы мәселелерді қарастырған.

В данной статье автор рассматривает вопросы развития туристических услуг, их виды и приток туристического потока в Западно-Казахстанской области, а так же связанные с ним мероприятия.

The author considers the questions of the development of tourist services, its types and increase of tourist flow in West-Kazakhstan region, and also actions connected with this.

Қызмет көрсету саласында экономикалық дамудың басым бағыттарының бірі болып туристік сала табылады. Туризм белсенді демалыс, денсаулықты нығайту, бос уақытты тиімді пайдалану, мәдениет деңгейін жоғарылату және ой-өрісті кеңейтудің маңызды формасы, сонымен қатар жергілікті бюджет табысының перспективалық статьясы.

Батыс Қазақстан облысы туризмді дамытудың перспективті аймағы болып табылады. Себебі ол тамаша географиялық жерде орналасқан, Еуропа мен Азия арасындағы көпір бола тұра үлкен туристік әлеуетке ие. Қызмет көрсету мен демалыс инфрақұрылымы, тамаша табиғи ресурстар мен облыстың тарихи-мәдени объектілері туризмнің көптеген түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні облыста 19 орналастыру объектілері, 8 мұражай, 3 театр, 8 кинотеатр, 3 демалыс паркі, 240 клубтық мекеме, 400 кітапхана және басқа да объектілер қонақтарды қабылдайды. Туристерге «Атриум», «Галактика», «Урал», «Променад» сауда-ойын-сауық орталықтары, «Саяхат», «Шағала», «Пушкин», «Виктория», «Орал», «Құрмет» қонақүйлері, «Золотой Век», «Мерей», «Алматы», «Камелот» мейрамханалары қызмет көрсетеді.

Туристерде Шалқар көліндегі, Жайық, Шаған, Деркөл өзендері жағалауындағы демалыс аймақтары; «Парк-отель» демалыс базасы, «Мечта» кемпингі, «Еуразия» және «Атамекен» туристік-сауықтыру кешендері, «Ақжайық» емдеу-профилактикалық санаторийі, «Дельфин» спорттық-сауықтыру кешені үлкен сұранысқа ие. Туристер